

Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 249 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 17 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6235 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 9-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ереже бекітілсін.

2 . М ы н а л а р д ы н :

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қарашадағы «Балық шаруашылығы ұйымдарында қорықшылық қызмет туралы үлгі ережені бекіту туралы» № 107 «а»-п бұйрығының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3237 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюлеттенінде жарияланған, 2005 ж., № 1, 10-қ ұ ж а т) ;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 16 қарашадағы «Аңшылық шаруашылығы ұйымдарының қорықшылық қызметі туралы типтік ережені бекіту туралы» № 243 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3260 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 жылғы 7 қазанда № 121-122 (746) болып жарияланған) күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті заңнамада белгіленген

тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданылысқа енгізіледі.

Министр *А. Күрішбаев*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р л і г і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғы 1 2 с ә у і р д е г і
№ 2 4 9 б ұ й р ы ғы м е н
бекітілген

Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ереже (бұдан әрі – үлгі Ереже) Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметінің (бұдан әрі – қорықшылық қызмет) мәртебесі мен өкілеттілігін айқындайды.

2. Қорықшылық қызмет бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту қызметін жүзеге асыратын аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің құрылымдық бөлімшесі болып т а б ы л а д ы .

3. Қорықшылық қызмет аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің бұйрығымен құрылады және тікелей осы субъектілердің басшысына немесе оның о р ы н б а с а р ы н а б а ғы н а д ы .

4. Қорықшылық қызметке аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің қызметкерлері, олардың бірлестіктері (аңшылар бірлестіктерін қоса алғанда): басшылары, аға саятшылар, саятшылар, ихтиологтар, аға қорықшылар, қорықшылар ж а т а д ы .

5. Қорықшылық қызметті аңшылық шаруашылығы субъектілері өз қаражаты есебінен аңшылық шаруашылығын жүргізу шартында көзделген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 1441 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында Аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесіне сәйкес белгіленген штат санында құрады.

6. Қорықшылық қызметі қызметкерлерінің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, осы үлгі Ережеге және лауазымдық нұсқауларға негізделеді.

7. Қорықшылық қызметі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары тиісті ведомствоның аумақтық бөлімшесімен (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) келісу бойынша аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерімен әзірленеді және б е к і т і л е д і .

8. Аңшылық шаруашылығының қорықшылық қызметіне он сегіз жасқа толған, атыс қаруын сақтауға және алып жүруге құқығы бар және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартылмаған адамдар қабылданады.

9. Аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің басшылары аға қорықшыларды, қорықшыларды, саятшыларды, ихтиологтарды жұмысқа қабылдағаннан кейін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) тиісті ақпаратты (қызметтік куәлік нөмірлері бар қызметкерлердің тізімі) береді.

2. Қорықшылық қызметтің негізгі міндеттері мен функциялары

10. Қорықшылық қызметтің негізгі міндеттері:

1) жануарлар дүниесін қорғау;
2) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуын, сондай-ақ аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің қызметкерлеріне қатысты бөтен адамдар тарапынан құқыққа қарсы әрекеттерінің жағдайын алдын алу және тоқтату б о л ы п т а б ы л а д ы .

11. Қорықшылық қызметтің негізгі функциясы:

1) жануарлар дүниесінің объектілерін және олардың мекен ету ортасын қ о р ғ а у ;
2) белгіленген жануарлар дүниесін пайдалану ережесінің бұзылуын тоқтату;
3) жануарлардың мекендейтін ортасын, көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырланған жерлерін қорғауды ұйымдастыру;
4) жануарларды жасанды жағдайда өсіру;
5) жануарлар дүниесі санын есептеу және жай-күйінің өндірістік м о н и т о р и н г і н жү р г і з у ;
6) жануарлар дүниесінің өсімін молайту;
7) қорықшының күнделігінде, аумақтық бөлімшеге және санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринариялық қадағалау (аңшылық

шаруашылығы субъектілері үшін) органдарына баяндау жазбаларында, рапорттарында көрсете отырып, фенологиялық байқау жүргізу;

8) ақпараттық аншлағтардың, жем беру алаңқайларының және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

9) ауру, дүлей апаттар және басқа да себептер салдарынан жойылу қаупі төнген жағдайда жануарларға көмек көрсету;

10) жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау және тұрақты пайдалану идеясын насихаттау.

3. Қорықшылық қызметтің өкілеттілігі

12. Қорықшылық қызметінің қызметкерлері (бұдан әрі – қорықшылар) жануарлар дүниесін қорғауды бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жүзеге асырады.

13. Қорықшылар қорықшылық қызметтің, қызметтік атыс қаруының айырым белгілері бар арнайы киімді киіп жүреді.

14. Қорықшылар бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Құжаттама

15. Қорықшылық қызметі үшін қажетті құжаттар:

1) басшы мен оның орынбасарлары үшін: аңшылық шаруашылығы ұйымы, олардың бірлестіктері (аңшылар бірлестігін қоса алғанда) берген қызметтік куәлік; облыстық атқарушы органның аңшылық алқапты және (немесе) балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру туралы шешімі; аңшылық және (немесе) балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт; шаруашылық ісін ұйымдастырудың жобасы (аңшылық шаруашылығының субъектілері үшін); жануарлар дүниесін пайдалануға арналған ағымдағы өтінім және бөлінген квотаны растайтын құжат (аңшылық шаруашылығының субъектілері үшін); аңшылық шаруашылығы қызметінің бухгалтерлік және статистикалық есеп құжаттары (аңшылық шаруашылығының субъектілері үшін); аңшылық және (немесе) балық шаруашылығын тексеру кесімдері; аумақтық бөлімшенің мөрімен бекітілген табиғат қорғау заңнамасын бұзуды және заңсыз алынған табиғат пайдалану құралдарын есептеуді, заңсыз ауланған өнімді тіркеу журналы;

2) аға саятшы, саятшы үшін:
аңшылық және (немесе) балық шаруашылығының субъектілері, олардың бірлестіктері (аңшылар бірлестігін қоса алғанда) берген қызметтік куәлік;
жыл сайын толтырылатын аңшылық шаруашылығының төлқұжаты;
жануарлар дүниесі объектілерінің өріс аудару жолдары және шоғырланған жерлері, аншлағтар, сортаң топырақтар, астаулар, қорықшылық айналым шекаралары көрсетілген аңшылық шаруашылығының карта-схемасы;
аумақтық бөлімшемен келісілген аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары;
жануарларды есепке алу материалдары;
фото немесе видео материалдарды растайтын қосымшасы бар жемшөпті дайындау және есептен шығару кесімдері;
жануарлар дүниесін пайдалануға бөлінген квотаны іске асыру туралы есеп;
атыс қаруын алып жүруге және сақтауға рұқсаттама.

3) аға қорықшы, қорықшы үшін:
аңшылық және (немесе) балық шаруашылығының субъектілері, олардың бірлестіктері (аңшылар бірлестігін қоса алғанда) берген қызметтік куәлік;
қорықшыға қорық учаскесін (айналымды) және оның карта-схемасын бекітіп беру туралы аңшылық және (немесе) балық шаруашылығы субъектілерінің б ұ й р ы ғ ы ;

қ о р ы қ ш ы н ы ң к ү н д е л і г і ;
фенологиялық бақылау журналы (аңшылық шаруашылығының субъектілері ү ш і н) ;
бекітіп берілген учаскеде болу (аралау) журналы;
жануарларды қоректендіру үшін жиналған жемшөпті есепке алу ведомосі (аңшылық шаруашылығының субъектілері үшін);
атыс қаруын алып жүруге және сақтауға рұқсаттама.